

## **Оңтүстік Қазақстан облысының Ленгір қаласындағы салынып жатқан тамақ концентраттары комбинатының дирекциясын тарату туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 5 желтоқсан N 1487

Оңтүстік Қазақстан облысындағы балалар тағамының цехы бар Ленгір тамақ концентраттары комбинатының құрылысын республикалық бюджеттен одан әрі қаржыландыру мүмкіндігі болмауына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Балалар тағамының цехыменен қоса, салынып жатқан Ленгір тамақ концентраттары комбинатының дирекциясы таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

салынып жатқан кәсіпорынның дирекциясын тарату жөнінде тарату комиссиясын құрсын және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес оны жою жөніндегі шараларды жүргізуді қамтамасыз етсін;

кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейінгі кәсіпорынның қалған мүлкін, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сату үшін, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін.

3. Салынып жатқан кәсіпорынның дирекциясы жобалық-сметалық

құжаттарды сақтау үшін мемлекеттік еңбекке орналастыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі дирекцияның босап қалған қызметкерлерін еңбекке орналастыру жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулы жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК